

Тұрғындармен кездесу

Бүгін Тегісшіл уылдық округ тұрғындарымен кездесу болып өтті. Жиналысқа аудан әкімі М.Отаршиев, мен «Аманат» партиясынан сайланған депутаты, аудандық мәслихаттың хатшысы С.Таскулов, аудандық мәслихаттың бір топ депутаттары, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары және жергілікті полиция инспекторлары қатысты.

Кездесу барысында, М.Отаршиев Сарыағаш ауданында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады. Аудан әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Мәслихат хатшысы ауылдық округ тұрғындарына «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырды. Жергілікті атқарушы орган және аудандық мәслихат алдағы уақытта да бірлесе отырып жұмыс істесе ауданымыз одан әрі дамитындығына сенімін жеткізді.

Ауылдық округ тұрғындары 2021 жылы атқарылған жұмыстарға алғысын білдіріп, қанағаттанарлық баға берді.

Сонымен қатар, кездесуден кейін аудан басшысымен бірге ауылдық округ тұрғындарын жеке өтініштері бойынша да арнайы қабылдады. Қабылдауда тұрғындар жайылым жер, тұрғын үй жай салуға учаскелер беру мәселелерін көтерді. Аудан әкімі өз тарапынан жауап беріп, тиісті мамандарға алдағы уақытта заң аясында жұмыс жасап мәселені шешуді тапсырды.